

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 56 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 865 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 58, 550-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

бірінші бөлікте:

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халық" немесе "Үлгілі" атағын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

35) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"35) Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасының қорын қалыптастыру мен есепке алу және оған қолжетімділікті ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 35-1) тармақшамен толықтырылсын:

"35-1) Қазақстан кітапханаларының жиынтық электрондық каталогын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"36) театр, музыкалық және концерттік қызмет, цирк өнері, кітапхана ісі, музей ісі және археология, бейнелеу өнері, сәулет және дизайн, әдебиет және кітап басып шығару жөнінде салалық көркемдік кеңестер құру және олар туралы ережелерді бекіту;"

мынадай мазмұндағы 36-1) тармақшамен толықтырылсын:

"36-1) өңірлік көркемдік кеңестер туралы үлгілік ережені бекіту;"

мынадай мазмұндағы 181-1) тармақшамен толықтырылсын:

"181-1) қоғамдық маңызы бар әдебиетке мүліктік құқықтарды белгілі бір мерзімге сатып алғаны үшін авторларға, сондай-ақ сараптама қорытындысын бергені үшін сарапшыларға сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу;"

182) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"182) қоғамдық маңызы бар әдебиетке мүліктік құқықтарды белгілі бір мерзімге сатып алу және (немесе) оны басып шығару жөніндегі сараптама комиссиясын құру және оның ережесі мен құрамын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 182-1) тармақшамен толықтырылсын:

"182-1) қоғамдық маңызы бар әдебиетке мүліктік құқықтарды белгілі бір мерзімге сатып алу және (немесе) оны басып шығару жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру және оның ережесі мен құрамын бекіту;"

188) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"188) мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік кітапханалардың, мемлекеттік музейлер мен музей-қорықтардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

;

мынадай мазмұндағы 188-1), 188-2) және 188-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"188-1) мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік музейлер мен музей-қорықтар өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгілеу;

188-2) мемлекеттік архивтердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту;

188-3) мемлекеттік архивтер өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгілеу;"

мынадай мазмұндағы 214) және 215) тармақшалармен толықтырылсын:

"214) мемлекеттік мәдениет ұйымдарындағы билеттерді дайындау мен өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

215) музыкалық туындыларды орындау кезінде фонограммалардың пайдаланылуы туралы көрерменге хабарлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

